



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Жер-жаһанға тіршілік нәрін сеуіп, ару көктем алып келген жарқын мерекеміз – Ұлыстың ұлы күні баршанызға құтты болсын!

Наурыз – ізгілік пен бірліктің мерекесі. Бұл күні барша жұрт өкпе-ренішті ұмытып, ағайынмен бір дастархан басында қайта табысады. Адамдар бір-біріне бақыт пен береке тілейді. Келер жылдан кемелдік тілеп, амандық айтып, ақ пейілдерін арнайды. Бұл кезеңді біздің халқымыз береке мен бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мезгілі санайды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Ұлыстың ұлы күні – көңілде кірбің қалмай қауышатын, түсіністікпен табысатын күн». Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ. Елбасы бастаған Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі қол жеткен жетістіктері соның айғағы.

Өткен жыл Сыр өңірі үшін ерекше табысты жыл болды. Біздің өңір – әлеуметтік-экономикалық даму, өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны тұрғысынан республикада көш бастап тұр. Күршітен кезекті рекордтық өнімге қол жеткізіп, мыңдаған жаңа пәтерлер ел игілігіне берілді, көптеген өндірістік және әлеуметтік объектілер іске қосылды.

Өскелең ұрпақ білім саласында жақсы жетістіктерге жетті, елдің денсаулығы нығаюда, спорт дамуы, мәдени мұранымызды насихаттауда жаңа белестерге жеттік, әлеуметтік қолдау шаралары іске асты.

Ұлыстың ұлы күнінде айтылған барлық тілек қабыл болады деген ежелден келе жатқан сенім бар. Олай болса, Наурыз мерекесі баршанызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін. Тәуелсіз еліміз тыныш, әрбір жаңа құн барлық отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Құрметпен,
Қызылорда облысының
әкімі
Қ.ҚОШЕРБАЕВ

ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР білім беру үрдісіне батыл енуі керек

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА

Облыс әкімі Қырымбек Қошербаевтың төрағалығымен Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің байқау кеңесінің мәжілісі өтті. Мәжілісте оқу орнының өткен жылғы қаржылық есебі тыңдалып, инновациялық мектептермен бірлескен жұмыстары талқыланды. Сондай-ақ 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары талқыланып, университеттің ішкі аудит қызметі ерекжесі бекітілді.

Кеңес мәжілісіне БҒМ құқықтық қызмет және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Н.Байжанов секторлық режимде қатысты. Университет ректоры Қ.Бисенов өткен жылы оқу орнында 4500-ден астам студент, магистрант, докторант білім алғанын, оларға 1000-нан аса оқытушы дәріс оқытынын атап өтті. Соңғы жылдары бөлінген облыс әкімінің білім гранты университеттің қаржылық жағдайына оң әсер етті. Бүгінде 300-ден астам студент осы мүмкіндіктің негізінде білім алып жатыр.

Университет аймақтағы инновациялық мектептермен тығыз байланыс орнатқан. Облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаев 46 инновациялық білім беру ұйымының жұмысына тоқталды. Біріктірілген білім беру ұйымдары қосымша тереңдетілген сабақтар өткізу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Қазір аталған мектептердің жұмысын бір ізге түсіріп, Назарбаев Зияткерлік мектептері мен Қазақ-түрік лицейлері тәжірибесімен оқыту мақсаты қойылған.

Инновациялық мектептерде пәндер бойынша бейімделген және жаңадан жасалған оқу бағдарламалары университеттің тиісті кафедралары ғалымдарының қарауына ұсынылып, сараптамадан өткізілуде. Ғалымдар оқушылар арасындағы пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарының, мұғалімдер арасындағы кәсіби шеберлік байқауларының қазылар алқасының құрамына тұрақты енгізіліп отырады.

Басқарма басшысы қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайтуда атқарылуы тиіс жұмыстарды баяндады. Ауылдық жерде орналасқанына қарамастан, білім беру ұйымының статусын мектеп-лицей немесе мектеп-гимназияға айналдырып, ғалым-ұстаздардың бірінші кезекте ауылдық жердегі осы мектептерге баруы білім бөлімдерінен талап етіледі. Ауыл мектебіне тереңдетілген оқыту жүйесі енгізілген соң, оның басқа мектептерінен деңгейі қаншалықты жоғарылайтыны бақыланады. Жинақталған тәжірибе осы инновациялық мектептер арқылы қалған магниттік мектептерге таратылатын болады.

2-бет

Наурыз – әріптестік

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ӨРІСІ

Елбасы тапсырмасына орай өңірлердің экономикалық және әлеуметтік әріптестік қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Қошербаев пен Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың өзара келісіміне сай Ақтөбе облысының Қарғалы ауданынан жұмыс сапарымен келген делегация Наурыз мерекесі қарсаңында Шиеді ауданында болды.

Делегацияны күтіп алған Шиеді ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев Қарғалы ауданының әкімі Рахат Сыдықов бастаған қонақтарға Сыр бойының ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі қатар өрбіген оңтүстік ауданның экономикалық және әлеуметтік жағдайынан қысқаша мәлімет берді. Нақты кезеңде мекен етуші халқы 82 мыңның үстіне шыққан өткен жылы еліміздің мерейлі 25 жылдық Тәуелсіздік мерекесін лайықты табыстармен қарсы алды. Ауыл шаруашылығы саласында облыс бойынша бірінші орынға көтеріліп, ақ күріштің атасы атанған, екі мәрте Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың 125 жылдығын айрықша атап өтті. Кезінде бір ауданның өзінен 41 Еңбек ері шыққан бейнестілі ұрпақтың еңбегі тәуелсіздік жылдарында да жалғасып жатқандығын нақты іспен дәлелдеді.

Аудан көлемінде уран өндіру рудниктері, ванадий мен киыршық тас өндіру зауыттары мен цехтары жылдан жылға ауқымы ұлғайғанын атап өткен аудан әкімі Қ.Сәрсенбаев өңірде орта және шағын кәсіпкерліктің де өрістетіле келе жатқандығын жеткізді. «2017 жылдың 1 қаңтарына ауданда шағын кәсіпкерліктің 4265 субъектісі тіркеліп, оларда 7269 адам жұмыспен қамтылды. Аудандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету мақсатында 2016 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 15,1 млн теңге болатын 3 жобаның пайыздық мөлшерлемесі субсидияланды» деді аудан басшысы. Ауданда, Сыр өңірінің негізгі дақылы – күріш өсіру және өндірумен жан-жақты жасақталған 4 ірі шаруашылық және көптеген шаруа қожалықтары шұғылданады. Мал басы өсіп келеді. Бүгінде ауданда жыл қорытындысымен ірі қара саны – 49264, қой-ешкі – 83191, түйе – 1237, жылқы – 11695, құс – 18450 басты құраса, тірілей салмақта – 4324 тонна ет (103,4 пайыз), 16991 тонна сүт (100,3 пайыз), 1028 мың дана жұмыртқа (103,6 пайыз) өндірілді. Мемлекет басшының бағдарламаларына сәйкес аудандағы мал шаруашылығымен айналысатын азаматтарға тиісті қолдау көрсетіліп, мемлекет тарапынан 286,2 млн теңге субсидия берілді.

3-бет

Наурыз – дода

ЖАРҚЫНБЕКТІҢ ЖАРҚЫЛЫ

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ



Ұлттық спорт дегенде Сыр спортшыларының арасында Жарқынбектің аты ерекше аталады. Себебі, теңге алғанда тақымы мықты тарлан Қызылордада сан мәрте жеңіс сыйлады. Бұл күнде ол шеберлігі озық шабандоз. Қалың оқырманның есінде болса, осыдан бірнеше жыл бұрын Жаңақорған ауданында көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату ойындарынан чемпионат өткен болатын. Осы сайыста Жарқынбектің жарқын жеңісі биік тұғырға жетеледі. Жамбы атудан алдына жан салмаған ол арайлы Ақмешітке бас жүлдені сыйға тартты. Мұнан бір жыл бұрын да Шымкентте өткен республикалық

«Ақ бидай» ауыл спорты ойындарында теңге ілуден қола жүлдені облыс қоржынына салды. Байрақты бәсекедегі бұл жүлденің өзі зор жетістік болатын. Тартысты сайыста Қызылорда 14 облыстың ішінен 7-орынға қол жеткізді.

Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай ұйымдастырылған ұлттық спорт түрлерінен IV фестиваль өткен еді. Апыл-салтанатында ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті Бекболат Тілеухан: «Қашаннан ұлтымыздың қаймағы бұзылмаған халық екенін осындай фестивальден білеміз. Елдің қай жерінде болмасын, ұлттық спорт түрінен өтетін бәсекелерге Сыр спортшылары белсенді қатысуда. Бұл – өңірдің қанымызда бар қасиетті ұлықтағаны», – деген еді. Бұл шаралда да Жарқынбек Алмағамбетовтың мерейі үстем болды. Ол фестивальдің жалауын ортаға әкелді, 15 дүркін

түйе палуан Абылай Жолдыбаев спортшыны жоғарыға көтерді. Мұның өзі оның өзге спортшылардан оқ бойы озық спорт майталманы екенін дәлелдейді. Сыр спортында өзіндік орнын қалыптастырып үлгерген майталман XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиаданың «Алау эстафетасына» қатысушылар қатарынан да табылды. Бұл – өз биігіне қол жеткізген, әлі де асқар шыңдарға құлаш ұрған, бір жетістікке төкпейсіңіз тоқтап қалмайтын Жарқынбектің жетістігінің бір парасы ғана. Сыр халқы оған әлі де үлкен үміт артады. Ұлт ұлығын паш етіп, ұлттық спорттың шоқтығын биікке қоятын оның әрбір қадамы ел мүддесімен сабақтас.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде 265 мыңнан астам адам ұлттық спорт түрлерімен айналысады екен. Өткен мен бүгінгі қалайтын ұлттық спорт – ат үстінде ойнаған ерекшеліктің белгісі. Алтай мен Атыраудың арасын білектің күшімен, найзаның ұшымен жаудан қорғаған Ұлы дала халқының ұландары екеніміз осындай рухы биік ұлтжанды азаматтардан айқын көрінеді.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ		
«19 наурыз – Наурыз тарту» ұлттық өнер күні		
1. Алаш, жарпын, термені жастардың қатысуымен «Домбыр-дұмбыр» атты мәдени кеші	сағат 19:00	Қызылорда қаласы, Орталық алаң
2. «Көш келді, аз Наурыз» тақырыбындағы этнографиялық сары	сағат 10:00	Жалағаш ауданындағы тарихи-өкілеттен мұражайы
«20 наурыз – Наурыз-берекесі» жәрмеңке, ұлттық тағам күні		
3. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі	сағат 9:00	Қызылорда қаласы мен аудандарының орталық алаңдары
4. «Дом-дұмбыр» атты ұлттық тағамдар сыйысы	сағат 9:00	Жалағаш ауданындағы Орталық алаңы
5. «Көш босаң қанжығымнан кергесі, құтты болсын Наурыз мерекесі!» атты мерекелік шара	сағат 10:00	Сырдария ауданы, Төренөңген кенті, Орталық алаң
6. «Наурыз жыл басы» тақырыбында ұлттық тағамдар жәрмеңкесі	сағат 11:00 сағат 12:00 сағат 13:00	Қызылорда қаласы, «Құл Жібек» мейрамханасы «Тағам» асханалар желісі «Беруіс» кафеетері
«21 наурыз – Наурыз шұғыл» мәдени-көпшілік, жаттығаралық серуен күні		
7. Кіші үй тігуден, қаласы сағат дәстүрлерінен көрініс көрсету	сағат 9:00	Қызылорда қаласы, Орталық алаң
8. «Көш келді, аз Наурыз» атты мерекелік концерт	сағат 10:00	Қызылорда қаласы, М. Ерғалиев атындағы мәдениет үйі
9. «Қымызға толы Қарқорған» тақырыбында қара жорға биінің сайысы	сағат 11:00	Қызылорда қаласы, Орталық алаң
10. Наурыз мерекесіне арналған мерекелік шара	сағат 12:00	Қызылорда қаласы, «Алматы» отбасы үлгісіндегі балалар аулы
22 наурыз – Ұлыстың Ұлы күні		
11. Тестирленген қойылымдар, концерттік бағдарламалар, ұлттық көзімдер ойындарының көрінісі, спорттық ойындар жарысы мен мерекелік шаралар	сағат 10:00	Қызылорда қаласы мен аудандарының ауылдық округтеріндегі орталық алаңдары
12. «ЖСҰО – 2017» халықаралық көрінісі насихаттау бағдарламасы «Сағат және тұрғын» тақырыбында тарихи-танымдық орындарда, мұражайларға саяхат	сағат 9:00-20:00	Қызылорда қаласының мұражайлары, Рәміздер алаңы, «Қорғат Ата» мемориалдық кешені
13. «Түркіст, аз Наурыз, Сыр еліміз» атты мәдени көпшілік іс-шарасы	сағат 10:00	Қызылорда қаласы, Орталық алаң
14. Наурыз мейрамына арналған мерекелік шара, түркілік елдерден келген өнерпаздардың концерті	сағат 11:00	Қызылорда қаласы, Орталық алаң
15. «Домбыр-дұмбыр», «Бауырсақ-рату», «Наурыз Рау» мәдени шаралары	сағат 17:00	Қызылорда қаласы, Орталық алаң
23 наурыз		
16. Түркілік елдерден келген өнерпаздардың концерті	сағат 9:00	Шиеді ауданының мәдениет үйі

САУАЛ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАДЫ



«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов азаматтарды қабылдады.

Алдымен Құлшара Қаражанова тұрғын үйін жекешелендіру барысында дәл жер телімі рәсімделмей қалғанын айтып келді. Бүгінде рәсімделмеген телім жеке кәсіпкер Т.Жұкашев сатып алған жер учакесінің аумағында. Ол жердің рәсімделуіне көмек сұрады. Бұған облыс әкімінің орынбасары екі аптаның ішінде жер егесімен келісіп, орындатығынын айтты.

Ал, Еркебұлан Қайнарбаевтың тұрғын үйі саяжай-дә орналасқандықтан, жер телімі мемлекет қажеттілігіне алынған. Жер егесі төленетін отемасы көлеміне қанағаттанбай отыр.

– Жер теліміне 4 млн 900 мың теңге беріліп отыр. Мен бұл қаржыға қаладан 1 бөлмелі де пәтер ала аймаймын. Менімен көршілес тұрған үлкен үйлерді 26 млн

теңге деп бағалаған. Ол, әрине, қаладың орталығынан дәл сондай үй салып алады. Егер жер кезінде бізге бау-бақшалы деп берілген болса, барлық жер телімі неге бірдей бағаланбайды? – деді Е.Қайнарбаев.

Бұл азаматтың өтінішін Серік Салауатұлы тәуелсіз мекемелерге бағалатып, сот арқылы өңдіруге болатынын түсіндірді. Ал тиісті басшыларға даулы жерлердің сүрілетін уақытын сайттарда жариялап отыруды тапсырды.

Өз кезегінде қоғамдық қабылдау бөлмесінің менеджершісі Мақсұт Баскеев:

– «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасы Қырымбек Көшербаевтың бекіткен кестеге сәйкес, облыс әкімінің орынбасарлары, атқарушы орган басшылары тұрақты түрде қабылдау өткізіп тұрады. Бұл шара халықтың әлеуметтік жағдайын, олардың тұрмыс-тіршілігін жақсарту мақсатында жүргізіліп отыр. Бүгінгі қабылдауға тиісті атқарушы органдардан да мамандар қатыстырылып, тұлымды жауап алған азаматтар ризашылықтарын білдіріп жатыр», – деді.

Айта кету керек, қабылдауға онға жуық азамат жазылған. Барлық азаматтың өтініші тұрғын үйді жекешелендіру және жер телімін рәсімдеуге байланысты болды. Ең бастысы, сауал жауапсыз қалмады.

БАҒДАРЛАМА ОРЫНДАЛУЫМЕН БАЯНДЫ

«Нұротандықтар» өңірдегі білім саласына қатысты бағдарламалардың орындалуын пысықтады. Бұл туралы облыстық филиал жанындағы партиялық бақылау комиссиясының отырысында талқыланды.

Жылда облыстық партия филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Шаутай Тілеуберген мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылауда партия тарапынан елеулі қадамдар жасалғанын айтты.

– Бұл бағыттағы жұмыстарды тиімді жүзеге асыруда қатан тәртіп пен бақылауды әлі де күшейту керек, – деді ол. Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов білім беру деңгейлерінің бірінші са-тысын – мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың жүзеге асырытын балабақшадан бастады.

– Нақты кезеңде облыс бойынша 52899 баланы қамтитын 791 мектепке дейінгі ұйым жұмыс жасайды. Олардың 542-сі балабақша болса, 249-ы шағын орталық. 1-6 жастағы балаларды қамту 54,3 пайыз, ал 3-6 жастағы балалардың қамтылуы 100 пайызға құрайды. Сондай-ақ, үш ауысымдық мектептердің мәселесі де толық шешілді, – деді ол. Ал білім саласына қатысты бағдарламалардың өңірге жүзеге асыуына бақылау жасауыты облыстық білім саласындағы бақылау департаменті басшысының міндетін атқарушы Роза Жиенбаева білім беру ұйымдарының кейбір кемшіліктеріне тоқталды.

– Өткен жыл облыс бойынша 97 білім беру ұйымында мемлекеттік аттестаттау жүргізіліп, оның 34-і өтпеген. Осындай тексерулер ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларында 21 білім беру ұйымында жалғасып, 1 білім беру ұйымының қызметі «жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес еместігі» анықталды, – деді ол.

Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Шаутай Тілеуберген болса, Елбасы Жолдауындағы білім саласы-на қатысты айтылған міндеттерді атқаруды кәсібі көзқарасыен нақты іс қажет деп жеткізді.

Ш.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.

ОРТАҚ ОЙ ТАЛҚЫСЫ

Алдымен, «Sapar Time» сараптама клубының қызметіне құлақ түрсеқ, ол негізінен қоғамдағы маңызды проблемаларды сараптамалық талқылауға арналған диалог алаңы деген дұрыс. Осы арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырады.

Ашық қоғамның басты құндылықтарына сай демократия, нарықтық экономика, құқықтаң үстемдігі, азаматтық идеялар мен бастамалардың орасына айналған. Сол себепті Қызылорда облысында бірнеше шара ұйымдастырып отыр.

Қасиетті жұма күнгі жүздесуіміз «Достық» үйінді өтіп, оған құқық саласының қызметкерлері, журналистер, жастар, қоғамдық ұйым өкілдері қызығушылық танытты. Модератор облыс әкімінің кеңесшісі Артур Нығметов шараның шымылдығын түріп, мәнісін мәлім етті. Ал, Астанадан арнайы келген «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» МУ жетекшісі ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты, доцент М.Мереке Ғабдуалиев конституциялық құқық жөніндегі жүйелі ойымен бөлісті. Елдігі саяси тұрақтылық пен демократиялық даму үрдістерін, саяси процестер туралы қызықты мәселелердің астарын ашып, ақиқатын арқау етті. Әсіресе Елбасы бастамасымен мемлекеттік билік тармақтары арасын-да «өкілеттіліктерін қайта бөлу» реформасы аясында диалогтық ой жүрді. Ең бастысы, көпшілікті толандырған сауалдар жауапсыз қалмады, өз деңгейінде түсіндірілді.

Қ.ҚУРБАН.

ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

білім беру үрдісіне батыл енуі керек

Облыс басшысы Сыр өңірі жан басына шакқанда әлеуметтік салаға бөлінген қаржы бойынша республикада бірінші орында тұрғанын, бюджеттің 64 пайызы әлеуметтік салаға бағытталғанын атап өтті. Бұл қаржының, әлбетте, сұрауы болады. Сондықтан қаражатқа атүсті қарап, тиімсіз жобаларға жұмсауға жол берілмейді. Алдағы жылдары инновациялық мектептерді дамыту үшін 9 млрд теңгеден астам қаржы бөлінбек.

Біздің өңір халқының 60 пайыздан астамы ауылдық жер-де тұрады. Сондықтан аймақ басшысы ауылдардағы шағын комилектті мектептерді дамытудың арнайы бағдарламасын жасауды тапсырды. Облыста 22 шағын комилектті мектеп бар. Жоба екінші жартыжылдықта

БҒМ қарауына ұсынылуды тиіс.

Соңғы жылдары қоппалалы, тұрмысы төмен, баласын оқытуға шамасы жетпейтін отбасылардың жеткіншектерін облыс әкімінің грантымен оқыту жолға қойылды. Қ.Көшербаевтың айтуынша, олар әлеуметтік әділеттілікті өмірінің бірінші қадамынан бастап сезінуі керек. Уақыттың ағымына ілесу үшін ақпараттық технология саласының мамандарын дайындауға басымдық беруді тапсырды. Келесі жылы Мәскеу мен Санкт-Петербург университеттерінде оқып жатқан түлектердің алғашқы легі оқуларын бітіреді. Оларды жұмысқа орналастырудың нақты жоспары жасалуы тиіс.

Университеттің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары төрт баспа бағыттан және 21

құнсыздануы секілді дағдарыс орын алуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі семинар-да осы жағдайды қалай тұрақтандыруға болатыны жайлы бөлісетін боламыз.

Айта кететін жайт, дағдарыс көп емес, тек оны ақпараттандыру тәсілдері көп. Себебі, осындай жағдайлар «Facebook», «Twitter», «Whatsapp» секілді әлеуметтік желілері арқылы белсенді түрде тез тарал-уа, – деді ол.

Семинарға қатысып, тәжірибе алмасқан сала мамандары да өздерінің әсерімен бөлісті.

«Расында, қазіргі таңда заман ағымына ілесіп отыру үшін ақпарат ал-масу саласында желел және тиімді әрекет ету қажет. Томас Хельм осы тақырып аясында тәжірибеерімен бөлісіп, қатысушылардың сұрағына жау-уап берді. Бір қызығы, Еуропа елдерінде біздің еліміздегідей «Facebook» желісі емес, «Twitter» әлеуметтік желісі көп қолданылады екен. Жалпы, мен үшін семинардың тақырыбы қызықты бол-ды. Екі күндік семинар тәжірибе алма-

су үшін қажет шара деп білемін», – деді қала әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Қаюпов.

– Томас мырза, бізге бүгінгі уақытта ақпаратты қалай дайындау керек, оны қалай таратқан дұрыс, дағдарыс уақытында резонанс ақпаратты қалай беруге болады және т.б. көптеген БАҚ пен халық және билік арасындағы қарым-қатынас туралы сөз етті. Түрпі практикалық амалдар, топтық жұмыста жүргізілді. Жалпы, теория-ны тәжірибемен ұштастырған мөңді се-минар болды, – деді «Ақмешіт жастар-ы» газеті редакторының орынбасары Гүлбану Мақажан.

Айта кету керек, Конрад Але-науэр атындағы қор мекемесі Аста-на қаласында орналасқан. Сондықтан мұндай семинарлар көбіне Астана, Ал-маты қалаларында тұрақты өтіп тұрады. Біздің өңірге облыстық әкімдіктің шақыртуымен алғаш рет келген.

Шынар БЕКБАН.

міндеттен тұрады. Жоспар Білім және ғылым министрлігінің стратегиялық жоспары негізінде жасалған. Жобаны университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры-бірінші прорек-тор А.Жүнісов таныстырды.

Облыс басшысы стратегиялық жоспардың жобасына қатысты өз ұсыныстарын білдірді. Жоғары білім берудің, ин-новация мен жаңа технологияның озық үлгілеріне сүйенуді, уақыт талап етіп отырған жаңа міндеттерді ескеруді тапсыр-ды. Стратегиялық жоспар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сай болуы керек. Сондай-ақ еліміздің даму Стратегиясымен, Елбасы Жолдауымен, БҒМ-нің және өңірдің даму стратегияларымен үндесуі тиіс. Жобаны әлі де жетілдіріп, алдағы кеңес отырысында бекіту келсілді.

Мәжілісте оқу орнының ішкі аудит қызметі туралы ере-же таныстырылып, бекітілді. Университеттің оқу тәрбие ісі жөніндегі проректоры мен стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректорының еңбек шартын үш жылға созу жөнінде ұсыныс жасады. Ұсыныс бірауыздан мақұлданды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бейсенбі күні қалаға қарасты Абай ауылында «Мәртбелі Қазақстан» қоғамдық қоры «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты тақырыпта кездесу өткізді. Оған елді мекен тұрғындары, мек-теп ұстаздары мен ата-аналар, заңгерлер, құқық қорғау органдары қызметкерлері қатысты.

Кездесуді аталған қоғамдық қордың президенті, заңгер, полиция подполковнигі Қайрат Байқадамов жүргізіп отырды.

– Кездесудің мақсаты – ауыл тұрғындарына заңгер мамандар мен құқық қорғау органы қызметкерлерінің түсіндірме жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру және құқықтық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік жасау. Сондай-ақ, терроризмді алдын алуға байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізу, – деді ол. Жыны барысында Қорқыт Ата атындағы ҚМУ аға оқытушысы, заңгер Айнуір Исаева жеке тұлғалардың құқықтық сауаттылығын арттыру бағыты бойынша ха-барлама жасап, ауылдағы ағайынды топалардың сауалдарға жауап берді. Мұнан соң, жер телімі, тұрғын-үй құжаттарын заңды рәсімдеу бойынша («состар сер-вис») ЖШС заңгері, жер ресурстары жөніндегі маманы Омарғали Мұхамединұлы тұрғындар пікірлерін тыңдады. Ал, тұрғындар тарапынан қойылған орау және шағын кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы сұрақтарға «Даму» кәсіпкерлікті да-мыту қорының кеңесшісі Шолпан Үндірбаева жауап берді.

Н.АЛПЫСБАЙҰЛЫ.

ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТПЕК

Облыстық көліктік бақылау инспекциясында саласындағы террористік тұрғыдан оғал объектілердің қорғауын қамтамасыз ету қажеттігі жөнінде дөңгелек үстел өтті. Отан халық көп шоғырланатын мемлекеттік нысандар мен жеке объектілерге жауапты мамандар қатысты.

Онда аумағы бар объектілер периметр бойынша көлік құралдарының бақылау-өткізу пунктін орап өтіп, объектіге еркін өтуіне кедергі жасайтын қоршаумен жабықтау жөнінде және автокөліктік бақылау-өткізу пункті адам-дар өтуге арналған орталық бақылау-өткізу пунктіне жақын жерде орнала-суы тиістігі, автомобиль мен теміржол көлігінің бақылау-өткізу пунктін қор-қалдауға жол берілетіні айтылды.

Мұнан соң, инспекция басшысы Ержан Жолдасов көлік құралдарына арналған пункттер электроөткізгіші бар және қашықтықтан басқарылатын үлгілік жылжы-малы немесе айқара ашылатын қақпалармен және орталықтандырылған бақылау пунктіне қосылған дабыл сигналына жүйесімен жабылған кәжеттігін айтты. Ал, объектілерге жауапты мамандардың сөзіне, адамдар көп жиналатын орындар міндетті түрде телевизиялық бейнебақылау жүйесімен жабықталуы керек. Сонымен қатар, объект аумағының жай-күйі туралы көрсететін беіне аппараттардағы акпараттар орталықтандырылған күзет пунктінң мониторуы-на берілуі тиіс екендігі назарға алынды. Ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 30 тәулікті құрауы тиіс. Бұның барлығы объектке және оның аумағында төтенше жағдайлар туындаған кезде жедел іс-қимыл жасауға мүмкіндік бермек.

Н.ҚАЗБЕКОВ.

Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы 2017 жылғы 24 ақпан №720 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 15.03.2017 жылы № 5758 тіркелген
--

Қызылорда облысының Қызылорда қаласы аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Бекітілген жобалық құжаттама негізінде Қызылорда облысының Қызылорда қаласының аумағы шекарасында Сырда-рия өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері;

Қызылорда облысының Қызылорда қаласының аумағы шека-расында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін пайдала-нуды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдауын;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	Қ. КӨШЕРБАЕВ
КЕЛІСІЛДІ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арыс-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ө. Қарлыханов 2017 жылғы « » »	

Қызылорда облысының Қызылорда қаласының аумағы шекарасында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін құрылымдармен және құ-рылыстармен қамтамасыз етілмеген жаңа және ре-конструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге; ғимараттарға, құрылыстарға, коммуни-кацияларға және басқа да объектілерге реконструк-ция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін терендету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, көбіл, құбыр және басқа да коммуна-цияларды төсеге, белгіленген тәртіптен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі ортал-ық уәкілетті органмен, энергетикалық жабдықтау және халықтың санитарлық-гигиениологиялық саула-тылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қауу және өзге де жұмыстар жүргізуге; 2) тыйым салынған пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жою пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылысын, аппара-тураларды пестицидтермен және улы химикаттар-мен топыртатын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған жою-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судан салқына кері асеп ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суар-ылатын егістіктерді, зираттарды, мал қораларын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жұмыс істемей жатқан және/немесе су тоңандарының режимін нашарлататын мал тоғуы мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су мемерінен екі мың метр-ге жетпейтін қаныматта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман ескілерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тынайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі

белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тынығпқаш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көл, қоспаған сарқалды суға және тұрқты хлороганикалық улы химикаттарды тынығпқаш ретте пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда ұшталғышы әлсіз және орташа тұрғыс пестицидтерді қолдануға жол берілмей.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің салалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоюластану, сарқа-лу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке; 2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, алаштарды, порттарды, тирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жанарғылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учакесілерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің дастануын болта-ыттын құрылымдармен және құрылыстармен қамта-масыз етілмеген кәзіргі бар объектілерді пайдалануға; 5) кезделген учакесілерді шағындықандыруға, етіп етуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) иштар қалыңықтарын, көлік құралдары тұтыну тұрақты тұрақтарды, маддың жазғы жайлымы қостарын орналастыруға;

7) тынайықтықтардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптен келісілген және салалық сараптамаардың түйіндеін қамтитын, құрылыс жо-баларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) жіктелетін ныс-кешенді сараптамаың он қорытындысы алынған жо-балар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде көсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен комму-никациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.



атқарды. Абыройлы еңбегінің нәтижесінде Елбасының, облыстық мәслихаттың, облыс әкімінің Алғыс хаттарымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалі» төсбелгісімен марапат-талды. Талаптанған жанның шығар тауы биік болатынын дәлелдеген Қазбай Құдайбергеноұлының өмірі көпке өнуге. Бүгінгі мерейтойыңызбен сізді шын жүректен құттықтаймын,

Әрі қарай қатысушылар ұстаздың ұлағатты жолын баяндайтын фотоқоркемнен танысып, естелік су-ретке түсті.

Айта кетейік, Қазбай Құдай-бергенұлының ұстаздық өтілі – 45

М.СНАДИН.

жыл. 2005 жылдан бастап ғалым – Мәскеудегі педагогикалық білім беру халықаралық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.

Соны-мен қатар 130-дан астам ғылыми мақаланың, бір монография, бірнеше оқу құралдарының және үш көпшілік оқырманға арналған кітаптың авторы.

Наурыз

Береке мен бірліктің бастауы, көктемнің ең көркем – мерекесі Наурыз да келіп жетті. Ұлттық тағам мен салт-дәстүр дәріптелетін, ынтымақ пен мейірімділік шарықтайтын бұл мерекенің орны тек қазақ халқы үшін емес, Орта Азия мен түркітілдес халықтары үшін де ерекше. Себебі Наурызды тойлауда әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрлері бар.

Мәселен, қырғыз халқы Наурыз мерекесінде ұлттық киімдерін киіп, туған-туыстың басын қосып, «нооруз көжесін» әзірлейді. Сонымен қоса, «ауз көже» және «кавут» деп аталатын өздерінің дәстүрлі тағамдарын дайындайды.

Наурыз-тұғыз

ДАРХАНДЫҚ ЖӘНЕ ДАСТАРХАН

Ал Түркияда Наурызды «Жыл басы» деп септейді. Себебі ежелгі түрік аңызына сүйенер болсақ, бұл күні түрік халқы қоршаудан аман-есен шыққан. Түркияның әр аймағында Наурыз мерекесін тойлаудың өз дәстүрі болғандықтан, бұл мерекенің ел арасында «Айдын соңы», «Сұлтан неврұзы», «Невруз сұлтан» деген түрлі атаулары да бар. Бұл күні түбі бір бауырлар бейіт басына барып, дұға оқиды. Ал қала көшелерінде мерекелік іс-шаралар өткізіліп, ұлттық тағамдардан мол дастарқан жайылады. Сондай-ақ, бұл күні араздасып қалған жандар татуласып, бір-біріне деген бар өкпе-реніштерін ұмытады.

Наурыз мейрамы Тәжікстан халқы үшін де ерекше орынға ие. Тәжіктер Наурызды «Хадир айна», яғни «үлкен мереке» деп атайды және бірліктің кілті мен тіршіліктің оянуы деп санайды. Наурыз мейрамына бір апта қалғанда балалар «Голгардани» рәсімін орындайды. Бұған сәйкес, балалар туыстарының үйлеріне көктем гүлдерін апарып, сый-сияпат көрсетеді. Ұлттық тағамдар әзірлеп, кең дастарқан жайып, Наурыз мерекесіне жасалатын арнайы дайындықты «Хане текани» деп атайды. Жаңа жылдың алғашқы күні дастарқанға үн мен еттен жасалған тағамдар молынан қойылады. Бұған қоса, Наурыз мерекесіне арнайы дайындалатын «суманақ» тағамын әзірлейді. Мерекеге жасалған тағамға бірінші Құран оқылып, содан кейін туған-туыс пен көріш-қоланға таратылады. Тәжік халқында арнайы жасалған тағамды татпас бұрын іштей тілек тілейтін дәстүр де бар екен.

Палаудың отаны – Өзбекстанда бұл мереке ұзаққа созылады. Өзбекстан халқы «Наврүз» мейрамына 15-20 күн бұрын дайындала бастайды. Яғни, арықтарды қоқыстан тазартып, ағаштардың түбін әктейді. Екі апта бойы өзбек жұрты туған-туыстарын аралап, той тойлайды. Бір қызығы, келесі жылдың қандай болатынын өзбек халқы үйге келген алғашқы қонақтың көңіл күйінен аңғарады екен. Яғни, келген қонақтың көңіл күйі



көтеріңкі, жайдары болса, жыл жақсы өтіп, үйге бақыт кіреді деген сөз. Олар мереке күндері істеген ігі істері айdan айға ұласып, бір жыл бойына жалғасады деп сенеді. Сол себепті өзбек халқы бұл күндері ескі реніш пен қарыздарын кешіріп, барынша көңілді жүруге тырысады. Мерекенің алғашқы күндері түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылып, танымдық іс-шаралар өткізіледі. Мейрам қарсаңында бидай қайнату мен мақтаның майын қосу арқылы жасалатын арнайы тағам «сумалақ» әзірленеді. Бір қызығы, сумалақ неғұрлым көп уақыт дайындалса, соғұрлым дәмді болады екен. Тіпті 20-24 сағат бойы әзірленетін кездері болады. Қалыптасқан дәстүр бойынша, сумалақты әні айтып отырып, билеп, не әзілдесіп жүріп пісіру керек екен.

Әзербайжан халқы Наурыз мейрамын «Новруз байрам» деп атайды. Олар Жаңа жыл кірген күні ерте тұрып, өзгенге немесе бұлақ басына барып, шомылады. Осылайша жаңа жылдың бірінші күнін таза ниетпен, ақ пейілмен қарсы алады. Сонымен қоса, мерекенің бірінші күнінде әзербайжандықтар оразасын балмен немесе қантпен ашады. Бұл Жаңа жыл бал мен шекер сынды тәтті болсын деген ниеттен туған дәстүр екен.

Олар мереке күндері үйлі жинапшайтаннан, өздерін теріс пайғалдан тазалау үшін үйді жұпар иісті түтіммен аластап шығады. Мерекелік ас мәзірде «йеди-левин» тағамы болады. Бұл тағам біздің Наурыз көжемізге ұқсас. Себебі оған да жеті түрлі дәм қосылады. Дастарқанға айна мен болған жұмыртқа міндетті түрде қойылады. Өйткені айна мен жұмыртқаның бұл күні атқарар рөлі ерекше. Әзербайжан халқының ежелден келе жатқан аңызы бар. Ол аңызға сенсек, жер үлкен өгіздің мүйізіне тұр. Жаңа жыл кіргенде бұқа жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырады.

Дәл сол кезде жер қозғалып, көптен күткен Жаңа жыл да кіреді. Міне, сол жердің қозғалған сәтін қалт жіберіп алмау үшін айнаның үстіне болған жұмыртқаны қояды. Жұмыртқа орнынан сәл қозғалса немесе қимылдаса – Жаңа жыл кірді деген сөз.

Наурыз мейрамын тойлауда әр халықтың өзіндік дәстүрлері болғанымен, мерекенің мақсаты бір, ол – халық арасындағы бірлікті, татулықты, ынтымақты нығайту. Себебі бірлік бар жерде береке де, мейірімділік те, даму да бар. Сондықтан көпұлтты елімізге Наурыз мерекесі тек жақсылығымен келсін! Наурыз мейрамы барлығымызға құтты болсын!

Айнұр БАТТАЛОВА.

Наурыз-кәсіп

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН

Бекзат Жақыповтың бос уақыты бола бермейді. Себебі көлөнерді дамытуды қалайтын шебер қолы қалт етсе, жеке ұстаханасында ұлттық нақыштағы әшекей-бұйымдар жасауға кіріседі. Қыз-келіншектерге арналған сырға, сақина, шолпының түр-түрін жасап, 4-5 күн ішінде тапсырыс берушінің сұранысына сай дүние шығарады. Тәжірибелі зергердің әсем дүниелері бүгінде дүйім жұрттың көзесіне жарап отыр. Және оның бұл еңбегі көпке үлгі десек, артық айтқанымыз емес.

– Зергерлік – түп-тамыры әріде жатқан ежелгі өнер. Ол ұрпақтан ұрпаққа қанмен беріледі. Темірден түйін түйген хас таланттардың шебер отбасынан шығатыны содан. Мен де бұл өнерге кездейсоқ келмедім. Себебі, атам Өтеулі кезінде өз заманының ұстазы

болған. Сол қасиет маған дарыса керек. Жастайымнан осы өнер түрін жақын тартып, құжаттарымыз Алматы қаласындағы көркем-сурет училищесіне тапсырдым. Оқуды тәмамдай салысымен, туған жерге оралдым. Ол кездері қазақы дүниелерге деген сұраныс аз болатын. Бірақ ойға алғанымнан қайтпай, үйімнің бір бөлмесін ұстахана етуді шештім. Алтын-күміс тазалау, бұйым жөндеумен айналыстым. Уақыт өте тұтынушылар қатары қалыптасты, күміс топтама шығаруымды сұрайтындар пайда болды. Осылайша алға қойған мақсатым орында-ла бастады, халықты жаңа дүниелермен таңғалдыруға кірістім. Бүгінде қала орталығынан жалға ғимарат алып, өңірде алғашқылардың бірі болып көлөнер дүкенін ашқан Аида Керімқұлова есімді қарындасыммен бірлесіп жұмыс істеудемін. Біраз бұйымым сол дүкенде сатылым-да тұр. Бұдан бөлек, республика, қала көлемінде өткізілетін көлөнер бұйымдары көрмелеріне қатысып тұрамын, – дейді ол.

“Зердің жайын зергер білер”. Кейіпкермен тілдесу барысында

● БРИФИНГ

Мемлекет басшысы Жолдаудың екінші басымдығында жаңа Еуразиялық логистикалық инфрақұрылымды дамытуды міндеттеді. Осы жоспармен өңірде атқарылатын жұмыстар туралы облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Жанабаев Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.

ӘУЕ ӘЛЕУЕТІ, КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы қаулысымен Қорқыт ата әуежайына халықаралық ұшуларды қамтамасыз етуге рұқсат берілді. Бүгінде аптасына Астана, Алматы, Қарағанды, Атырау және Ақтөбе қалаларына 30 рейс орындалуда. Жыл сайын жолаушылар саны көбейіп келеді. Өткен жылы 97,1 мың жолаушы, 2017 жылдың екі айында 14,2 мың жолаушы тасымалданды.

Мемлекеттік-кеңесімшік әріптестік аясында заманауи жолаушы терминалының құрылысы жоспарлануда. Нәтижесінде өңірдің логистикалық инфрақұрылымы да-

мып, әуежайдың мүмкіндіктері кеңейтілмек. Сондай-ақ, Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай және Ресей елдеріне жаңа рейстер ашу жоспарда бар, – делі Е.Жанабаев.

Облыста көлік тасымалының басқа да түрлері белсенді дамып келеді. Адам саны жүзден асатын шағын елді мекендер толықтай көлік қатынасымен қамтылған.

– Өңірде 211 автобус маршруты ұйымдастырылған. Олардың 71-і – ауданаралық, 109-ы – кентішілік, 31-і қалаішілік маршрут. Олардың ішінде 11 маршрут облыс және аудан орталықтарынан шалғай орналасқан, жолаушылар ағымы аз және жол сапасы төмен әлеуметтік мәні бар маршруттар қатарына жатқызылып, бюджет есебінен жыл сайын қаржыландырылып келеді, – делі ол.

Айта кету керек, өткен жылы 335,4 млн жолаушы тасымалданып, 2015 жылмен салыстырғанда 112,5 пайызға артты.



Шынар АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ. Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет).

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Республикалық «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасына облыс бойынша 7-11 сынып оқушылары арасынан үздіктер іріктелді.

Оны «Білім-инновация» лицейлерінің базасында облыстық білім басқармасы мен «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырды. Орталық директорының орынбасары Гүлжамал Ахметова айтқандай, олимпиаданың басты мақсаты – мемлекеттік тілдік қолданыс аясын кеңейту, қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насихаттау. Одан бөлек, мұндай шаралар оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілетін ашып, дүниетанымын кеңейтеді.

Талапкерлер бес түрлі байқауда бақ сынады. Мысалы, «Тілші-әдебиетшілер» бөлімі тест сұрақтарына негізделсе, «Жас ғалымдар» бөлімінде

қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты ғылыми жұбаларын қорғайды. «Жазушылар» бағытында өз ойларын қара сөзбен және өлең түрінде жеткізіп, «Сөз шеберлері» байқауында прозалық не поэзиялық шығарманы жатқа айтса, «Әнші-бұлбұлдар» байқауы, аты айтып тұрғандай, баланың вокалдық мүмкіндігін саралады.

Олимпиаданың аймақтық кезеңіне қатысуға 60-қа жуық оқушы ниет білдіріпті. Солардың бірі – Айбек Берікболұлы. Шилелі ауданының №244 орта мектебінің 7-сыныбында оқиды. Аудандық кезеңде алдына жан салмады. Ал облыстық сында жаңақорғандық ақын Әкім Мейірбекулының «Ана тілім» деген өлеңін мәнеріне келтіре орындап берді. Жыргя жаны құстар өрен Ілияс Жансүгіров, Мұхали Макаев, Мұхтар Шахановтардың жырларын сүйіп оқыды. Ал Қызылорда

қаласындағы №267 орта мектептің 7-сынып оқушысы Назерке Жарылқасын Тұманбай Молдағалиевтің «Туған жерге» өлеңін жатқа айтты. «Мағынасы терең, сүйсіпеншілікке толы болған соң тандадым», – дейді ол.

Қатысушылардың қай-қайсысының да ынтымақ жоғары. Қазылар алқасына үздіктерді анықтау оңайға соққан жоқ. Ортақ шешімге сәйкес бес байқаудың қорытындысымен І орынды Арал ауданындағы №13 мектеп оқушысы Нұрай Қожақова, Қазалыдағы №249 мектеп оқушысы Гюзаль Бержан, Жалағаш ауданының №31 мектеп оқушысы Еркебұлан Жахат, Қызылорда қаласындағы №10 «Білім-инновация» лицейінің оқушысы Жанар Бақытжанова және Шилелі ауданындағы №252 мектеп оқушысы Жұлдызай Исахай иеленді.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

АРМЫСЫҢ, АРУ КӨКТЕМ!

Көктем мезгілінде табиғатқа жан бітіп, Жер-ана бусанып, ағаштар бүршік жара бастайды. Міне, сол мезгілдегі ұлы мереке – өз Наурыз мейрамы да келді. Жаңару, ынтымақтастық пен жылылықтың мерекесі атанған бұл күні барша қазақстандық бір-бірін жыл басымен құттықтап, түрлі мерекелік іс-шаралар ұйымдастырды. Соған орай, облыстық филармонияда «Армысың, ару-нұр көктем!» атты концерт өтті.

Алдымен, облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаев, облыстық кәсіподақ комитетінің төрайымы Р.Байназарова барша жұртшылықты мерекеміз құттықтады. Мұнан соң, кеш жүргізушілері сахна төріне көтеріліп, тарихи күндегі айтулы оқиғалардан үзінді оқыды.

Ұлыстың ұлы күні қарсаңындағы бұл шарада «Сен мені сағынбайсың ба?», «Мен сыйға тартқан орамал» және тағы да басқа елге белгілі композиторлардың әндері орындалды.

Сонымен қатар, сахна төрінде М.Сүгірбай «Сөз сөйлейін бөлмелеп», Э.Қалқожаева халық әні «Құрбым-ай», Ж.Төлебай «Желдірме», Ү.Медетуова «Наурыз-думан» мен «Ақмешіт аспаны», Г.Әлиханова «Шайқарады көктем», «Наурыз», Р.Үсенов «Ерке қыз», Б.Молдабергенов «Ерке қыз», «Түңгі қала», Н.Тілеуесова «Туған жер», Н.Нұралинова, О.Нұралиевтер «Дүние-ай» және «Әнім сен едің» әндерін шықса, «Томирис» бұл ансамблі мың бұралған билерімен тамсандырды.

Ұлттық нақышта безендірілген залға жиылғандар көңілді кеш ұсынған өнер ұжымына алғыстарын білдірді. Ұйымдастырушылар көрермен көңілінен шыққан мұндай концерттер алдағы уақытта да жиі өткізілетіндігін жеткізді.

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Кел, Наурыз» бірлігі бекем еліміз, берекелі жеріміз!» атты мерекелік кеш өтті.

Думанды шарада студенттер сахналық көрініс қойып, өнерлерін көпшілік назарына ұсынды. Бірі әні айтып, би билесе, енді бірі – өз Наурызға арнап өлең оқыды. Ал, ер балалар жағы



гір көтеру, арқан тарту, қол күрес ойындарынан сыңға түсіп, нәтижесінде жеңімпаздар бағалы сыйлықтарға ие болды.

Бұған дейін, аталған колледждің ұйымдастыруымен «Қайырымдылық – асыл қасиет», «Туған өлкем – туған тарих», «Ізгілік пен берекенің бастауы» атты тақырыпта мерекелік шаралар мен қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарды жастар арасында кеңінен дәріптеу, отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған түрлі интеллектуалдық сайыстар мен байқаулар өткізілген болатын.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ.



Ж.ЕНСЕБАЕВА, Ш.КУЛМАҒАНБЕТОВА.

біз біршама дүниені пайымдадық. Әшекей бұйымдарды қалай тазалайтынын, алтынды қалай балқытатынын көрдік. Өте қызықты әсер қалдырды. Алдымен құты отпен ысытылып, онда алтын ерітілді. Қалыпқа құйылғаннан кейін ол бірнеше секунд ішінде қатып үлгерді. Одан соң шебер арнайы салынған ою-өрнекті алтын бетіне арнайы құралдармен жабыстырып, көз қызығарлық әшекей жасап шығарды. Қорыта айтқанда, кез келген тұрғын базар мен дүңгіршектен табыла бермейтін ерекше дүниені табу мүмкіндігіне тағы бір рет ие болды. Осыған қарап, асқан сабырлық пен төзімді, ептілікті талап ететін өнерде қанша жылдан бері шырдалып, қолтаңбасы қалыптасқан Бекзат Әнесұлының атқарған еңбегі көп деп айта аламыз. Оның бұл ісі елеусіз қалмағанына да куәныштымыз. Себебі Бекзат Әнесұлы бұған дейін республикалық, облыстық «Қолөнер – сырлы өнер» көрмесінің жүзделерін, шейх Завид бен Сұлтан Әл Нахаян атындағы Әбу Даби Халықаралық мәдени мұра фестиваліне белсене қатысқаны үшін алған Біріккен Араб Әмірліктері елшілігінің Алғыс хатын иеленді. Бұйымдарының Оңтүстік Корея, Монғолия, АҚШ, Канада елдерінде жеке жинақ ретінде сақталғаны да көп нәрсені аңғартады.

Мәлім ҚАЛЫМБЕТ.

ДОСТЫҚ ДӘРІПТЕЛДІ

Конрад Аденаур атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігінің директоры Томас Хейль «Достық үйіндігі» кездесуде ұлттар достығына маңыз қойды.

Алдымен қонақтар «Достық үйінің» мұражайынан этнос өкілдерінің бірнеше ғасырлық тарихы және мәдениетімен және «Wiedergeburt» облыстық немес этномәдени бірлестігінің болмасымен танысты. Мұнда Т.Хейль Сыр өңіріне түрлі тарихи жағдайлардың әсерімен қоныс тепкен этностар, олардың жергілікті қазақтармен қарым-қатынасы, дәлірек айтсақ, аймақтағы татулықтың тарихи тамырларына баса назар аударды.

Жүздесу барысында облыстық асамблея хатшылығының басшысы Л.Төрешова ел бірлігі жатқанда, Қазақстан туралы энциклопедия, Жүздеген бірегей фотосурет, бейнеклип, 3Д нысан, панорама, инфографика мен интерактивті карталар, басқа да пайдалы ақпараттар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған.

Қосымша – Қазақстанға туристік немесе іскерлік мақсатпен келуді жоғарылайтын шет ел азаматтары үшін, сондай-ақ туристер, студенттер, зерттеушілер, журналистер мен іскерлік топтардың өкілдері үшін таптырмайтын құрал. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі қарсаңында мұндай ақпараттық материалдың маңызы жоғары.

Шынар ЖАМАЛТЕГІ.

ҚАЗАҚСТАН ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 87-қадамын жүзеге асыру аясында ҚР Сыртқы істер министрлігі «Қазақстан – Ұлы Дала Елі» мобилді қосымшасын әзірледі.

Қосымша география, тарих, мәдениет, экономика, туризм және халықаралық қатынастар сияқты кең ауқымды тақырыптарды қамтиды. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан туралы энциклопедия. Жүздеген бірегей фотосурет, бейнеклип, 3Д нысан, панорама, инфографика мен интерактивті карталар, басқа да пайдалы ақпараттар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған.

Қосымша – Қазақстанға туристік немесе іскерлік мақсатпен келуді жоғарылайтын шет ел азаматтары үшін, сондай-ақ туристер, студенттер, зерттеушілер, журналистер мен іскерлік топтардың өкілдері үшін таптырмайтын құрал. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі қарсаңында мұндай ақпараттық материалдың маңызы жоғары.

Наурыз

Мана жыл жарылқа,

Наурыз-киім

Қазіргі уақытта әйелдердің баскиіміне қатысты дау-дамай көп. Бір анығы, қазақ әйелдері жалаңбас, шашын жайып жүрмеген. Бірақ тұмшаланып, оранбаған. Бүгінде дін мен дәстүрдің алтын ортасын таба алмай, әрқайсымыз әр жасқа тартып жүргеніміз қиыжылғады. Қазақ әйелдері киген бас киімдер жас шамасына қарай, әлеуметтік жағдайына қарай ерекшеленіп отырған. Көзөнер шебері Жұмакүл Сейтеңқызы әйел баласының қыз дәуренінен бастап, кейуана болғанға дейінгі басынан түсетін киімдердің атын атап, түсін түстен берген еді.

тысталған құлақсыз келген, ерлер де, қыздар да киетін баскиім.

— Қазіргі заманауи бөріктердің түп-төркінінде біздің ата-әжелеріміз тұтынған баскиімдердің үлгісі байқалады. Қыздарға арналған бөрік сырты мақпал пүліш, барқыт сияқты қалыңдау, қымбат бағалы матамен тыстатыл тігледі. Жиегін қымбат бағалы аң және мал терілерімен көмкереді, — делі шебер.

Қазақ тұрғыныда қыз өз теңін тапқасын салтанатты түрде ұзатылады. Қыздық дәуреннің белгісі болған тақия шешіліп, орнына сәукеле киеді. Сәукеле — қызды ұзатқанда киетін аса қымбат, бағалы, кәделі әрі әсем баскиім.

ЗЕРЛІ ТАҚИЯДАН КЕСТЕЛІ КИМЕШЕККЕ ДЕЙІН



— Тұлымшағы желбіреген қыз ең алдымен тақия киеді, — деді шебер. — Тақия — қазіргі кезге дейін қолданыстан шықпаған баскиім. Қыздардың тақиялары қыздық дәуреннің белгісі іспетті асқан уқытылықпен, зерлі тігіспен басқа да әртүрлі моншақтармен, күміс тегелер, маржан тастармен әшекейленетін болған. Төбелеріне жіп шашақтар, ұсақ моншақтар немесе тұмар ретінде үкі тағылған. Осылай әсемдеп тігіліп, қыздарға арналған тақия өте сәнді көрінген.

Қыздардың баскиіміне сәндік үшін құс қауырсыны қалалып отырған, соған байланысты «қарқара» деген атау қалыптасқан. Қарқара — жас әйелдердің, қыздардың төбесі биік, шошақтау келген, салтанатта киетін баскиімі. Биік төбелі қарқараның милығына айнала күнделі түтіп, маңдай тұсына жоғарыдан төмен қарай үшкілден жыра тігеді де, төбесіне құс қауырсынын орнатады. Биік, әрі шошақ, әсем безендірілген және сұлу құстардың қанат қауырсынын қалаған баскиімді жас келіншектер, қыздар сән-салтанаты мен жарасымын арттыру үшін киген.

Кейбір деректерге қарағанда, қарқараны тек қыздар ғана емес, сұлтан, төрелер, хан балалары да өздерін басқалардан ерекшелендіру үшін киген. Бұған Есік обасынан табылған «Алтын Адам» тәжі мысал бола алады.

Бөрік — аң терісінен тігіліп, жиегіне жұрғын жүргізіліп, жұқа жүн не жібек материалмен

— Жалпы біздің ата-бабаларымыз киім кию мәдениетіне аса мән берген. Әрбір оюдың, тігістің, белгінің айтары, ерекшелігі болған. Одан кейін жас келін түскен жерінде бір жылға дейін желек жамылып жүретін болған. Желек — жас келіншектер басына жамылып жүретін шәлі орнамал. Кейде желектің күнделікті тұрмыста қолдануға ыңғайлы үлгілерін келіншектер бала тапқанға дейін пайдаланды, — деп әңгімесін жалғайды.

Келіншек балаға болған соң жаулық тарталды. Жаулықты ақ түсті маталан немесе ақ жібектен тігеді. Оны орта жастағы әйелдер ғана емес, көрі әжелер де таққан. Оларды ардақтағанда «ақ жаулықты» деп дәріптеуі сондықтан.

Жаулықпен қоса тұрмыс құрған әйелдер бастарына орнамал тартқан. Қазақ әйелдеріне бастарына орнамал салудың маңызы, себебі болған. Қыздар басына ақ, қара орнамал салмаған. Емшекте баласы бар әйел жалаңбас отырып бала емізбейді, орнамал салып отыруы керек. Жалаңбас болса, бала есейгенде мәңгірт болады, анандан безеді, басына шығып, аяқасты етеді деп біледі.

— Тағы бір айтатыным, ер адам әйелдің киімін кимейді, жаулығын салмайды. Себебі, рухы жасиды. Ал қазір қаптаған театрлардың әртістері жұртты құлдіру үшін әйелдің киімін киіп шығуды, кейуананы, әйелді мазақтауды әдетке айналдырды.

Кимешек туралы айтар болсам, оны матадан тігіп, жиегін астарлайды. Кимешектің иекті айнала, маңдайды жауып тұратын екі жағын шықшыт дейді. Кимешек жас ерекшелігіне қарай көркемделеді. Жасы егделген әйелдердің ою-кестесі жеңіл, сары, ақ жіппен сырылады. Жас әйелдерді қызыл, жасыммен әшекейленеді. Кимешектің шылауын ет аталатын түрін жас келіншектер, орта жастағы әйелдер, әжелер де киеді.

Ұлттық киімдерді тек Наурыз мерекесінде ғана іздейтін әдетіміз бар. Олардың ерекшелігін білмей, қалай болса солай тұтыну белең алды. Киімдердегі әрбір тігістің сырына қанық шеберлер осындай ғириатты әңгімелерді көбірек айтса, уақыт өте келе қолдағы барымызды қадірлеуді үйренетін шығармыз.

М.МЕРЕЙ.

Наурыз-тіршілік

ПЕРЗЕНТ ПАЙЫМЫ

Көктем келді. Табиғаттың ең тамаша мезгілі. Тіршіліктің оянатқан кезі. Бар жақсылық, жылылық көктемнен, Наурыздан басталады. Тау етегінде қызыл-жасылды гүлдер кілемдей жайнап, қырдың қызғалдағы, Сырдың сарғалдағы көздің жауын алады. «Табиғат — Наурызымен ажарлы, Наурыз — мейрам ғажайы».

Наурыз мейрамы негізінен 22 наурыз күні өткізіледі. Наурыз мерекесі — халқымыздың табиғат-анаға таза, жылы жүреті, ықыласы атуған күні!

Наурыз — ажарлы, әдемі, сұлу сәнін әкелген күн!

Наурыз — ғырыс, несібенің арқан күні!

Наурыз — малды ауылдан аузы аққа тиген күні!

Наурыз — тіршілікке жан бітіп, дүниені түрлі түске бояп, үйқысынан оятқан күні!

Наурыз — достық мерекесі! Әрбір қазақ дастарқанын ұлттық тағамға толтырып, ағайын-туыс, жора-жолдасты шақырып, дастарқаннан дәм таппап, татуласып, ауызбірлікте болатын тамаша мейрам. Қазақтың жана жылы келді деп, ойын-сауық, өнер көрсететін, әртүрлі жарыстар ұйымдастырып, арнайы сыйлық берісе, ұлттық ойындарға бөліг жазыласа. Наурыз туралы әртүрлі қолдасылып, кітапша таратылса, әр бала өз жана жылын өз биігінде қабылдай еді. Наурыз мейрамын тойлағанда дастарқан төрінде қазақтың ішпен, таңдайында үйіріп, көңілінді таңқалатын, шөпінді бастатын қадірлі сусындары қымыз, қымыран, шұбат пен қатық, сүзбе, құрт-майы мен ірімшігі, сөк-талқаны, қазы-қартасы, жал-жақсы тұрса, қандай берекелі. Әрбір баланың Наурыз тойы есінде қалады. Қазақтың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, жыр-термелерінен насихат жүргізу әділе де болса өз дәрежесінде емес. Санамызға сіңіп қалған орыстың жана жылын асыға күтеміз. Аяз ата арманымызды орындайды деп одан үміт күтеміз.

Өз жана жылымызды — Наурызы балалар асыға күтетіндей неге жағдай жасамасқа? Төрткүл дүние ескі жылды артқа тастап, жана жылды жана үмітпен, жана леппен қарсы алайық. Наурыз мейрамы құтты болсын!

Алтынай БЕРІК,
№267 мектептің 5-сынып оқушысы.

Әжемнің айтуынша, көтеруге келмегенмін, тымаққа салып, іліп қояды екен. Адам болмайды деп те ойлаған шығар, сонан соң тамақ сурап жылаған жан емеспін. Шешем мамыр айында егін жұмысына шығып кетті де мен нағашы әжемнің қолында өстім. Екі жасқа дейін отыра алмай, кейіннен қатарға қосылып кеттімін. Есімім мерекеге байланысты болмаса да, шүкір, 75 рет Наурыз тойына куә болыппын.

Наурызбай Байқадамов, облыстық мәсихат хатшысы: — Менің атым мерекеге сәйкес дей алмаймын. О баста же-шеімнің айтуынша, белгілі бір кісіге басыптан қойылған. Жақсы адамға балап, ғырымдаған секілді.

Наурыз Елтаев, көсіккер, Шіелі ауданы: — Мен 1991 жылы 13 наурыз күні дүниеге келдім. Ол кезде Наурыз есімің қою сирек болса керек, алғашқыда ағайын-туыс таңырқапты. Әкем Самарқанның көк тасы еріген күн деп ырымдап, Наурыз қойыпты. Енді ойлауым, есімде де көп нәрсе байланысты. Наурыз — менің тек есімімді ғана білдірмейді, ол жаңаруға жетелейді, жақсылыққа бастайды. Шүкір, алға басқан жолымда бөселеп қалған кезім болған емес. Соған қарап, есімімді таңдау әкемнің тапқырлығы деп ойлаймын.

Наурыз-сый
ҰМЫТЫЛҒАН
ҰЛТТЫҚ
ТАҒАМДАР

Дастарханның сәні болған ұлттық тағамдар туралы әңгіме болғанда, есімге құрт пен ірімшіктен, жент пен майөскен, қазы-қарта, жал-жаы, қымыз-қымыраннан басқа ешнеше түспей қоятыны бар. Қазір мүлде жасалмайтын, ұмытылып кеткен ұлттық тағамдар туралы білетіндер де азайып барады. Ас мәзірінің түр-түрін даяндайтын кәсіпті аспаздардың өзі кейбір ұлттық тағамдардың жасалу ретінен хабарсыз.

Мұндайда ауылдағы көнеқос әжелерге сұрау салатынымыз бар. Олар да өздерінен бұрын өткендерден көрген-білгенін бізбен бөлісуге дайын. Сонымен ұмытылған ұлттық тағамдар туралы Гүлжахан Асанқызының айтары көп.

— Бір білетінім, жаужүрек тағамы. Ол ат үстінде жүрген ерлердің асы. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» дегендей, бұл тағамды дала табиғатына бейімделген қойшылар, аңшылар марка қозыны немесе киікті сойып жіберіп дайындаған. Жана сойылған қойдың бауырын төрт бұрыштап тұрап, үстіне майдалап туралған сарымсақ қосып, тұз, бұрыш сеуіп, 5 минуттай қояды. Қойдың шарбы майын төрт бұрыштап кесіп онымен бауырды орап, ағаш істікпен шапшып бекітеді. Дайын болған соң табаға салып қуырады.

Жөргем де — ескі тағамның бірі. Қазақта «Жүрген аяққа жөргем ілінеді» деген сөз бар. Біздің шешелеріміз, әжелеріміз бұл тағамды мал оңимін ысырап етпеу үшін жасаған.

Ішек-қарынды жуып, тазалап алған соң, қарынды жалпақтығын 2-3 сантиметрдей етіп, таспалап тіледі де қасына тоқ ішекті қатарластырып екеуін сыртынан ашы ішекпен өреді. Кей кезде тоқ ішек пен қарынның қасына, төстің етек жағындағы жұқа етті таспалап тіліп қосады. Алшы ішекті тарқап кетпейтіндей бекітіп, қазанға салып пісіреді.

— Қазіргі жастар малдың ішек-қарынның пайдалануға риза емес. Тазалауға еріне ме, білмеймін. Майдан да бойларын аулақ ұстайды. Бірақ ішек-қарыннан, өкпе-бауырдан жасалған тағамдардың тез қорытылатынына, ағзаға пайдасына мән бермейді, — дейді.

Ата-бабаларымыз ішер асын қадірлеп, соның айғағы боларлықтай «астан үлкен емессін», «ерді қорласаң, састырар, асты қорласаң, құстырар» деген сөздер қалдырған. Қазір жасалу жолы ұмыт болған осындай тағамдарды қайтадан жаңғыртуға талап бар. Бұл тағамдар күнделікті мәзірге еңбесе де, қазақтың мырзаларын, мәрттігін, асқа талғампаздығын танытады.



Наурыз-сыбаға

ЕСІМ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қаныбек ӘБДУОВ

Наурызға тән нышан дейміз бе, әлде ырым дейміз бе, әйтеуір атаудың пығу тарихы бар. Мысалы, Наурызым — Қостанай облысындағы аудан орталығы. Сол Наурызым сөзінің этимологиясы белгісіз. Кейбір зерттеушілер қалмақтың «намырзын» сөзінен пайда болған дейді. Ол қазақ тілінде күзек деген мағынаны білдіреді. Екінші мағынасы — қарағай. Соған қарағанда бұл сөздің негізгі түп тамыры түркілік сөздерден бастау алады. Тойға қатысы болмай шықты.

Ал, мерекеге байланысты балаға есім қою қазақ дәстүрінде бар жағдай. Ол жайлы сұрастырып та көрдік. Наурызға қатысты есімдер ел ішінде аз емес екен. Солардың ішінде Наурыз, Наурызбай, Наурызғали, Наурызбек деген есімдер елге сіңісті. Енді есімдер ерекшелігін ескеріп көрсек.

Әскербек Рахымбекұлы, «Сыр бойы» газеті ардагерлері кеңесінің төрағасы:

Мен 1942 жылдың 22 наурызы күні жетіайлық болып шала туыламын. Соғыс жүріп жатқан оғұр кез ғой. Енді шала балаға оғаша есім қояса маған, өйткені, жасан дейін бір ұл, бір қыз, менен кейін тағы да бір ұл, бір қыз тоғыз ай, тоғыз күні толып туылса да, ішетінін кеткен. Құдайдың назары түсті ме, әйтеуір маған жарық дүние сыйлапты.

Әкем бромьмен қапып, ауылдық кеңесте қызмет істейтін, құжат деген қолында ғой, бірақ Наурыз емес. Әскербек қойыпты. Баласын көріп, майданға кетті, тоғыз ай дегенде жаралы елге орады.

ҰЙЫҚТАТПАҒАН «ҰЙҚЫАШАР»,
СЕЗІМ СЫЙЛАҒАН «СЕЛТЕТКІЗЕР»

Наурыз — ғашық жүректердің тоғысқан сәті. Перзент өсіріп, оларды ұясы мен қиясына қондыруды көксейтін қазаққа адам ғұмырының көктемі табиғаттың көктеммен астасып жатқан, үйлесім тапқан. Тіршілік жанданып, табиғат біткен ерекше құбылған тұста адам бойында да нәзік бір үміттің оянаыны белгілі. Наурыздағы той-томалақ, басқосулар, думанды кештер әсіресе жастарға айрықша әсер берері сөзсіз. Жігіт біткен арманындағы аруына, бойжеткен қиялындағы ханзадасына көңілді білдірер оңайлы сәт осы шақ болса керек. Түні бойы алтыбақан теуіп, ауылдың алты ауызын айтып көңілді отырған жігіттер жағы қыздар ұсынар «Ұйқышардан» дөмелі болса, арулар сайыпқыранның «Селтеткізерін» күтеді.

Яғни, Наурыз тойында қыз-келіншектер жігіттер ұйықтап қалмасын деп, уыз қосып жақсы тағамдардан «Ұйқышар» дайындаған. Жігіттер «Ұйқышардан» дәм татқан соң, қыз-келіншектерге тазалықтың, пәктіктің нышанындай айна, тарақ, иісу, әшекей бұйымдарын сыйлаған. Мұны «Селтеткізер» деп атайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, «Ұйқышар» қыз-жігіттердің сезімін арттыра түсуіне себепші болған. Яғни, табиғат оянып, тіршілік атаулыға жан жүгірген көгілдір көктемде «Ұйқышардың» уыз дәмі ұғымдының үмітін оятқан. «Селтеткізер» сырғалыны сезімге бөлеген.


Бір деректерде былай дейді: «Наурызда Қазақстанның орталық өңірлерінде Үркердің қос жұлдызы бұқа-

ның мүйізі секілді батқан Күн жолының екі жағынан қылтып көрінеді. Аспан денелерін жіті байқап отырған дана халық Ұлыстың ұлы күнін Өгізханның Күн сұлмен жұптасқан одағы ретінде әдемі өрбіткен. Өгізхан туғаннан бастап ерекше қасиетті жан болған екен. Ол бір жасқа толғанда өз атын өзі Өгізхан деп атаған. Жас бала туған күнінен бастап аспан әлемімен әуестеніп, Ай орағын қолымен өлшеп ойнайды-мыс. Күндердің бір күнінде ол тауда жүргенде аспанның түскен ғажайып жарық нұрлы сәуле көреді. Қасына келсе, сәуле ішінен Күн сұлу қыз шығады. Өгіз соған үйленеді. Сол аспан анадан үш ұл туады. Олардың аттары — Күн, Ай, Жұлдыз. Мұны ертеде Низамі өзінің «Жеті ару» немесе «Жеті қат көк» атты астрономиялық поэмасында: «Көтерген Ай сұлуды алып Өгіз, Көктемде аспан туы, ол — Наурыз» деп жырға қосқан екен. Демек, «Ұйқышар» мен «Селтеткізер» қашанда екі жастың бір-бірін тауып, қосылуын дідтеген қазақта ерте, ертеде түйенің құйрығы жер сызыған, ешкінің мүйізі көк тіреген замандарда бастау алғаны ақиқат.

Олай болса, бүгінде ұмыт болып бара жатқан осы бір ұлттық дәстүріміз, яғни, «Ұйқышар» мен «Селтеткізер» — атам қазақтан қалған Ұлыстың ұлы күніндегі сынардың жұпқа ұласуы, азың көпке айналуы деп бағаланған.

Дайындаған
Барлыбек Батыр.

Наурыз-бастама

ҚҰТ
ҚОНҒАН
КИІЗ ҮЙ

Жылда Наурыз мерекесі еліміздің барлық аймағында кезінен тойланады. Орталық алаңда қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, бауырсақ пен наурыз көже пісіріліп, шұбат, қымыз сапырылып, самаурын қайнап бір жасап қаламыз. Жиыналған жұртшылық бірге ән айтып, би билеп, алтыбақан тебеді. Білекті жігіттер өзара күресіп, көкпар тарталды. Осының бәрі ақынның киіз үйдің айналасында өтетіндігі белгілі.

Бала күнімізде көктем шыға ауылдағы ағайындар киіз үй тігу қамына кіретін. Оны құрастырар кезде көршілер келіп, бәрі бірге үйді тұрғызатын. Бұрынғы бабаларымызға пана болған бұл үйді тұрғызу кезіндегі ең маңызды сәті ол шаңырақ көтеру деседі. Себебі, қазақша шаңырақты құлатып алуды жаман ырымға таласаң. Соны ескерсе керек, кереге маңына уықтарын тосқан білекті ағайындар шаңырақты көтеріп, барлығын қолында бір-бір уықты шаңырақтың жан-жағынан қадап, түзулетіп байлайтын. Оның арасында анамызбен бірге біз де жүрміз. Бағанды ұстаған әкелеріміз алты қанатты керегенің қақ ортасынан шаңырақты жоғары көтерді. Сол сәтте жан-жақтан уық шаңшылып, шаңырақ орнында тұра қалды. Ол есімде, сол кезде бәрі бір-біріне «Шаңырақ киіп болсын!» деген тілек білдіріп жатты. Одан кейінгі безендіру жұмыстары кезінде анамызбен бірге үйді әрлуете кіретінбіз. Ең қызықты сәті, сол күнді біздің отбасы үшін үлкен мереке ретінде сезіндік.

Құрылымы қарапайым киіз үй жасаудың бейнелі көп. Ал үй тіккенде ең алдымен қолайлы жер таңдап алу аса маңызды. Киіз үйдің негізін кереге, уық, шаңырақ пен сықырлауық құрайды. Бір ерекшелігі, киіз үй тігу үшін бірде-бір шеге пайдаланылмайды. Құрылыс нысаны тек табиғи материалдардан жасалады. Шеберлер керегені жайып, таңғышып біріктіреді. Оларды бір-біріне жалғап, ескі есебін сықырлауықты орнатады. Кереге ағаштарының айқасқан тусын түйіп, жинап жазуға ыңғайлы етіп жасайды. Шаңыраққа уық шапшыды. Шапшылып біткен уықты айналдыра құрмен танады.

Осылайша, уық кереге мен шаңырақты жалғайды. Одан кейін туырлық, үзік, түндік және киіз есіктерді жабады. Киіз үйдің негізін туырлық, үзік, түндікпен жабу төменнен басталады. Туырлықтың бір ұшы есікке байланыстырылады. Содан кейін керегені орай айналдырады. Уық бойына үзік жабылады. Үзіктің төменгі шеті туырлықтың жоғары шетімен біріктіріледі. Ол кереге басына бекітіліп, қалған бөлігі бақаның көмегімен түндік жабылатын жерге дейін көтеріледі. Үзік киіздер арасында ашық жер қалмайтындей етіп жабылады.

Үлкендерден естуімізше, киіз үйді ішіне қойылатын ағаштан жасалған жиһаздардың қатарында сандықты ерекше атап өтуге болады. Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде оны кейде «кебеке» немесе «әбдіре» деп те атайды. Сандықтар арнайы жүк аяқтың үстіне орналастырылған болған. Сандықта түрлі заттар сақталынып. Сол себепті, олар көбіне төрдің артын ала орналасатын. Ал, киіз үйдің шаруашылық бөлігінде ыдыс-абақ қоятын — асалаң, жатаған орындық, айран пісетін құбі, ет жейтін ағаш астау, қымыз ішуге қажетті тостағандар қойылып.

Қорыта айтқанда, қазақтар өздерінің киіз үйлерін тұрмысы мен табиғи ортаға ғана бейімдел қоймай, оған өзіне тән әдемілік те берді. Қазақ қоғамындағы экономикалық тегісдік әлеуметтік жағдаймен байланыса отырып, тұрғын үйге де әсерін тигізді. Киіз үйдің сыртқы көрінісі мен ішкі жасауы үй иесінің тұрмыс жағдайымен тығыз байланысты болды.

Нұрбина КӨПТІЛЕУ.

Жалағаш ауданы,
Ақсу ауылы.

Байшұбар атпен

Наурыз-дәді

Сәден қария әңгі-
менші кісі еді. Ізін бір сипап
қойып, ескіліктің сөзін қоздатқанда
жаның жылып, амалсыз іріліп оты-
ра бересің. Бүгін де бір қызықты оқиғаны
баян етпек сияндай сияқты. Ағаш түбін
қосытып, арық тазалап жүрген кетпен-
құрметтерімізді жасап-жасағызға тас-
тай салып, айнала жайғаса
кеттік.

Нұрмахан ЕЛТАЙ

— Кешегі жылдар қазаққа ауыр тиді ғой, ақ пен қызылдың астан-кестен арнапысы, неміс-пошистермен соғыс, елдегі тапшылық халыққа оңай тиген жоқ. Қаншама азамат оққа байланып, өле ормалмай қалды. Сол оқиғалардың біразын көзіміз көрді. Киімдіктың бәріне төзіп, алпысыншы жылдардан бері қарай ғана қарын тоя бас-

тады. Айтпақшы, қасқа бас патшаның жүгері на-
нын да жеп көрген екенбіз ғой, — деп бір қойды.

— Соншама ауырталдық, қаншама қиыншы-
лықтан қазақтың жүні жығылмай шығуына
жанының дарханлығы, жерімдіздің кеңдігі және
де көкпары мен домбырасы жалау болды ғой деп
ойлаймын. Өйткені бұларда қазақтың рухы жа-
ты, жаны осыған мықтап байланған. Бұлар бар-
да қазақ қаншалымайды, өлмейді. Бір қызық ай-
тайын, — деген Сәден карт тамағын кенеп алып,
желісті әңгімені бастады.

— Соғыстан кейінгі жылдардың бірінде Көк-
төбені үстіндегі тақырда үлкен бір көкпар салымы
өтті. Айналма көкпар тәмамдалып, салымның өзі
де орталынып қалған тұс-тын. Жоғарғы жақтың
атақты көртакым шабандозы көкпарды сүйрете
додалан сытылып шыға бергені сол тосынан
пайда болған шұбар атты жас жігіт анаған серкені
тақымна бастыруға ілкітпей, жұлды да кетті.
Құлақшының алқымынан баса байлап алған екен,
кім екенін тани да алмай қалдық. Со күйі зулай

Наурыз

Ескі жыл есірке!

Наурыз-нышан

СЕРГЕК САНА КЕРЕК

Назирке САНИЯЗОВА

Қазақта екі жана жыл бар. Әуелгісі 31 желтоқсанның түнінде сағат тілі он екіні соққанда кіреді. Жұрт жылды жағамыз деп жан-таласалы. Әр сала өзінің есеп-қисабын жасайды. Әзірлікті күн емес, апта емес, ай бұрын бастап кетеді. Баға бағынбай қояр деп базар барып, қам қылады. Қаң-меірамханаға ерте бастап тапсырыс бермесең, бітім дей бер! Мұның бәрі үшін қыстың сақылдаған сары азыз сөз емес.

Екіншісі қар еріп, күн көзі жылт ете бергенде жетеді. 22 наурыз – қазақ үшін, бүкіл Шығыс халқы үшін ұлы мейрам. Кеңес өкіметі кезінде «ислам дінінің қалдығы», «ескінің сарқыншағы» саналып, тойлауға тыйым салынды. Тек арада алыс жыл өткесін өшкеніміз жанып, күнтізбеде қайтадан қызылмен айшықталды. Елдің батыс бөлігіндегі, Ресейдің шекаралас аймақтарындағы ағайын мейрамды ерте, 14 наурыздан бастап кетеді. Бұл күнді көрісу күні неме-

се амал мерекесі деп те атайды. Қалың көпшілік қыстан қысылмай шыққанына шүкіршілік етеді. Бір-бірімен төс қағыстыратын дәстүр жетпіс жылғы тепкіден соң батыстан басқасында ұмыт болған. Әйтпесе, көрісу дәстүрін күні кешеге дейін күллі қазақ жасап келген көрінеді.

Әз Наурызда ұлттық бояуымыз қанық әрі анық бола түседі. Шаң басқан салықтардан шапан-қамзолдарымызды шығарып, үстімізге ілеміз. Ашқаннан киіз үйлер тігіледі, алтыбақан төбеледі. Асық ойнатылып, арқан тартылады. Қонест отырғызылады. Қыдыр атаның жолын тосамыз. Наурызқожесі Наурыздың сәні келген бе?! Көрші-көлем, жақын-жуық бір-біріне қонақ боп, дәмнен ауыз тиелді. Мейрамның негізгі атрибуттары – шамамен осылар. Жалпыұлттық һәм жалпыхалықтық деңгейде жылдағы сценарий бойынша өтеді.

Әз Наурызды григорианша жаңа жылмен салыстыратын әдетіміз бар ғой. Жуырда Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлы «Наурыз бүлдіршіндердің мерекесі болуы тиіс» деген ой айтты. Сонда ғана мерекенің маңызы тереңдей

түспек. Қоштарлық. Мысалы, қыстың күнгі ресми жана жылды балалар ерекше көңіл-күймен күтеді. Карнавалдық күлге киініп, неше түрлі жан-жануардың кейпіне енеді. Шыршаны құрып, безендіруге асығады. Аяз ата келетін, сыйлық беретін күнді санаумен болады. Осынау жарқ-жұрт еткен қызылды-жасылды дүниелер бала атаулыны шаттыққа бөлейді.

Самарқанның көк тасы ерітін шақтағы жана жылдың да сценаріне сәл-пәл өзгеріс енгізген жөн сияқты. Қыдыр ата сыйлыққа сараңдық танытпаса, кішкентайлар қуанып қалар еді. Киіз үйлерде балалар бұрышы болса дейміз. Ішін өздері жасаған дүниелермен безендіріп қойса, қандай ғанибет?! Сол жерде жүріп үлкендерден қонақ күтудің әдебин үйренер еді. Ертертегі сенетін өрендерді елітудің басқа да амалдарын ойластыруға болады.

Жастар мен үлкен буын үшін де солай. Бәйшешекті я жауқазынды Наурыздың басты символы ретінде бекітіп, әртүрлі нұсқада жарыққа шығарса, шыршаның танымалдығынан кем түспеуші еді. Қазақта көлөнер шеберлері жетерлік, селтөткізер, ұйқыашар сыйлықтарын жана заманға лайықтап шығарса, ұмытыла бастаған ұлттық дәстүрді қайта жаңғыртуға үлес қосар еді. Соңғы жылдары қазақы нақыштағы киім-бұйымдардың былайғы өмірде кеңінен қолданылуы көңіл қуантады. Алайда ұлттық фэшн-өндірістің жетімсіздігінен соның көбі эксклюзив күйінен әрі аса алмайды. Ал эксклюзив дегеніңіз пәленбай соң тұрады.

Наурыз мейрамы тар шеңберден шыққанда ғана қазақты, Қазақстанда тұратын халықтарды біріктіретін күшке ие бола алады. Ол үшін жаңаша көзқарас, сергек сана керек.

Наурыз-бата

ӨСИЕТ ӨРІМІ

Наурыз келді. Көңіл шалқыды. Кең дастарқан жайылды. Көл-көсір қуаныш үстінде, мол дастарқан басында жиялған халық елге белгілі аталарынан ақ тілек айтуын сұрайды. Наурыз батаның бірнеше шумақтарын оқырмандар назарына ұсынуды жөн көреді.

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.
Қайда барса жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бөле-жала жерге өнсін!

Жаңа жыл бақыт жылы болсын,
Малың тоқ,
Уайым-қайғы жоқ болсын.
Көген толғы қозы,
Желі толғы құлын болсын.
Малың базарлы,
Ұлың назарлы.
Қызың ажарлы болсын!

Әуелі, құдай ондай көр,
Өң жолына бастай көр,
Аласа жолға сала көр,
Сүрінсе қолдан ала көр!
Кездессе шайтан қаға көр!
Жұлдыздармен жалғастыр,
Жақсылармен жанастыр,
Жамандардан адастыр!



Бай қылсын,
Төрт түлік сай қылсын,
Кетпес дәулет берсін,
От ауауна сәулет берсін.
Бастарына бақыт қонсын,
Қастарына нөкер тоқсын.
Дұшпандарын жол болсын.
Көре алмаған қаскөйдің,
Іші күйіп шоқ болсын.

Рызық, нәсібің тасып,
Көңілдерің тоқ болсын.
Туған балаларың ер жетіп,
Өсіп үлкен ел болсын,
Бақталасың көңіл болсын.
Дәулетің шалқып, сел болсын,
Дастарқаның кен болсын!

Дайындаған
Ж.Ә.ІМАХАН.

Наурыз-көже

ЖАҢА КҮН

Көктемгі күннің жылы шуағы терезеден төгіліп, бөлмені жарық нұрға бөледі. Қыс бойы жиналған ауыр жүкті иығымыздан тастағандай, бір жеңілдікті сезінеміз. Терезені айқара ашып, кеудемізді таза ауаға толтырып, көктемнің алғашқы күнімен бірге сергек оянып, шабыттанамыз. Себебі



Бастарына әдемі орамалдарын тағып, үлкендерге сәлемін салып, түрлі қамзол киген келіндер дастарқан дайындауды бастап кетті. Ақ бөлмеде үлкен қазанға ет салынып, бауырсақ пісіріп, апаларымыз дәстүрлі тағам наурызқөжені жасап жатыр. Ағаларымыз ауланы тазартып, інілеріміз су шашып жүр. Ал әкеміз қонақ болып келген ақсақалдарды құшақ жая қарсы алып, әңгіме-дүкен құрып отыр. Кішкентай балалар болса, ауа-райының жылыңғанына шын жүректен қуанып, далада асыр салып ойнап жүр. Осылайша кеше жана жұмыс бабымен жан-жақта жүрген отбасы мүшелері қара шаңырақта жиналды.

Ас бөлмеге кірдім. Басына ақ орамал таққан апам қасына келіндерін алып, ұлттық тағамдарымыз

– сөк, талқан, ірімшік пен құрт жасап, ақылын айтып отыр.

– Айналайын, қыздарым! Бұл біздің ата-бабымыздан келе жатқан ұлттық тағамдарымыз. Ешқандай қоспасы жоқ таза табиғи өнімдер. Қалай жасалатынын жақсылап үйреніп алыңдар. Себебі, осы тағамдардың құндылығы мен қадірін жоғалтпай, келесі ұрпаққа жеткізетін мына сендер. Бұлардың қалай жасалатынын сендерге үйрету менің парызым болса, өскелең ұрпаққа үйрету сендердің міндеттерің.

Барлығымыз дастарқан басына жайғастық. Дәмді наурызқөжеден ауыз тидік. Откен-кеткенді айтып, бір мез болып қалдық. Төрте отырған ақсақал жасқы тілектерін айтып, бата берді. «Әумин» деп, бетімізді сипадық. Міне осылайша, төл мерекеміз – әз Наурыз көптен көріспеген от-

басы мүшелерін біріктірді, бір-біріне деген сағыныштарын басына мүмкіндік берді.

«Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны білдіреді екен. Жаңа күн жақсы сөздерден басталды. Әрі қарай да әр күніміз бақытты сөзтерге толы болғай. Халқымыздың ұлттық мерекесі, бірлік пен ынтымақты, береке мен қуаныштың бастамасы Наурыз мейрамы барлығымызға құтты болсын!

Әсел БЕГМАН,
ҚазМУ-дың 4-курс студенті.

Наурыз-достық

РЕСЕЙДЕГІ ҚАНДАСТАР ҚУАНЫШЫ



Жыл сайын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі Ресейдің қазағы көп шоғырланған Астрахань облысында да жоғары деңгейде аталып өтіледі. Осы шараның барысы туралы репортажы арнайы «Сыр бойы» басшылығы үшін дайындалды.

Қалыптасқан үрліс бойынша бұл күні облыс орталығындағы «Арқадия» мәдениет және демалыс паркі мыңдаған астрахандықтарды біріктіріп, мереке мен сән-салтанаттың ошағына айналды. Сәнді безендірілген демалыс орны, әсем ән мен тәтті күй, мың бұралған бишілер, ұлттық киімдер мен нақыштар, төс қағыстырып, мөре-сәре болып жатқан жандар қуанышында шек жоқ. Мейрам ешкімді бей-жай қалдырмады.

Астрахань облысы – көпұлтты, ауызбіршілігі жарасқан құтты мекен. Мерекенің лайықты өтуіне жергілікті әкімшілікпен қатар, қазақ, татар, ноғай, өзбек, әзірбайжан, шешен, түрік, тәжік, ингуш, тағы басқа ұлттық-мәдени орталықтары да белсенді атсалысып, өз ұлтының рухани байлығын суреттейтін бағдарлама әзірлеп, салт-дәстүр көріністері мен түрлі ұлттық тағамдар дайындайды.

Дегенмен, айта кету керек, бұл жерде қазақтар халық саны жағынан орыстардан кейінгі орында тұр. Яғни, Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарымен шектесіп жатқан Ресейдің облысында 200 мыңға жуық қандасымыз тұрады. Оның ішінде отыз мыңның үстіндегі қазақ – облыс орталығы Астрахан қаласында. Еңбек ардагері Серғали Кенжеғалиев – солардың бірі.

– Наурыз – мыңдаған жылдар бойы тамыры тереңге жайылған қасиетті мейрам, – дейді 72 жасар ақсақалды қария. – Ата жұрттан шалғай тұрсақ та, қай кезде болмасын, салт-дәстүрімізді сақтау, оны ардақтау – әрбір қазақтың парызы. Қуантарлық жайт, мұны жергілікті өскелең жас-

тар да жақсы түсінеді. Әйтпесе, оларсыз мына ұлан-асыр тойдың сәні келер ме еді?

Дегендей, астрахандық жастар мейрамға белсене қатысуға. «Шығыс базары» сәндік-көлөнер бұйымдарының көрме-жөрмекесі олардың жылдағы сүйікті іс-шараларының бірі. Олар ұсынатын қазақтың тоқыма кілемдері, ұлттық киімдері мен ою-өрнектері қиял әлемінің шексіз тұңғығына жетелейді. Наурыз мейрамының ажарын басты сахнада түрлі ұлт өкілдерінің шығармашылық ұжымдары «Астраханская песня», «Радуница», «Дослы», «Ақмарал», «Тұлпар», «Перс», «Тантана», «Мирас», «Эверест», «Яз», «Сабантуй», «Ял-кын», тағы басқалары аша түссе, облыстық Крупская атындағы ғылыми кітапханасының тематикалық кітап көрмесі жалғастырды.

Міне, Астраханьдағы Наурыз мерекесінің айшықтары осындай. Ал бізбен тікелей байланысқа шығып, мән-жаймен бөлісіп отырған әріптесіміз, тележүргізуші Альбина Мухамбаева Астрахань теледидарының тәңертінгік бағдарламасының редакторы болып қызмет істейді. Ол – көпшіліктің жақсы көретін, мыңдаған қазақстандық жанкүйердің көзіайымына айналған жергілікті «Қамызак» көңілді тапқыштар командасының белді мүшесі Ренат Мухамбаевтың жұбайы.

– Наурыз бізге жыл сайын ауқымды атап өтіледі. Бір қызығы, бұл күні бізде ауа-райы әрдайым жылы болады. Біздің қала өзінің көпұлттылығымен, ауызбіршілігімен ерекшеленеді. Мына көрініс соның нақты дәлелі. Қызылордалықтарға жалынды сәлем айта отырып, мейрам құтты болсын дегім келеді. Мұндағы қандастар үнемі тілекші.

Астраханьдық әріптестермен
байланысқан
Жәнібек ИСАЕВ.

көкпар тартқан қазақ қызы



шауып бара жатып, көкпарды тақымына баса ытырылып кете барды. Бірен-саран көкпарға қол созғандарға құйка де тимеді. Әлі өз алдында бір керемет көрініс еді, шұбарының аяқ тастасы жұмды! Желдей ескен шығар, со күйі бір атқа жеткізбей салымды мөреге салды да кетті. Айнала гу-гу. «Ойпырмай мына бала

кім?! Арыны тіптен қатты ғой...» десіп жұрт шуласып жатты. Ал шұбар атты жас жігітті төрт-бес атты тасалап, топ шенгелге қарай алып кетті. Көкпаршы, бәйге шапқандардың сондай әдеттері бар, жұрт көзі қалдаған ат пен шабандозы бөге көзден алып қашатын. Араға екі-үш салым салынған соң ақалықын бас салымға үш жасар өгіз тігілгендігін хабарлады. Бү жолға дола тіптен узады, өлмей беріскісі келмей тартысып, тырысып жүрген біреу. Айнала шаң, ала берік! Шеттеу тұрған қалың жұртшылықтың арасында құнанымды тепсін деп ме жүрмін. Ана топырағ араласқан, непірің таптап кетуден тайынбайды-ау!

Бір кезде «Ал, кетті!» деді бір шал. Доданы жарып, қара қасқа аттыды түркістандық шабандоз шыға бергені сол бағыт шұбар атты жігіт тағы да кінгілік, серкені ілді де кетті. Манатғы шабыс шабыс па, бетін мөреге түзген соң тіптен қара шалдырған екен. Созыла аяқ тастағанында байқалды, тұлпары байшұбар екен.

Байшұбарыңыз қандай ат? – деп сұрады Ермаш. – Ой, ақымағым-ау, естен шығарып алғансың ба, Алпамыс батырдың атын Байшұбар демеітін бе еді, көк, қоныр, қызыл түстің араласуын қазақ солай атайды. Қызыл түктелер аттын сауырына қарай майдаланып, тіптен көбейіп кетеді. Байшұбарын сол! Тек, сөзі бөле берме, кейіннен білдік қой, алғі ғаламат шабандозымыз өзіміздің Жүмекеңнің баласы екен. Қолхоздың жылқысын

бағатын қыпшақ Жұмабай мен Қыздан апамыздың 4 қызы болса, соның екіншісі Күлбінібі әкесі жас кезінен ер балаша киіндіріп, жанынан тастамайтын. Оны үй тірілігін оқшау, ат үстіндегі жұмыстарға қосты. Күлбібі ер жігіт секілді қарулы, тарамыс болып өсті. Сырт жақтағылар кімнің кім екендігін қайдан білсін, ал ауылдағылар білсе де, отағасының көңіліне қарап, «Жұмабайдың баласы» дейді де қояды.

Шарлаға жатқан ақалтеке тектес ат әкелді деп жүретін жұрт. Байшұбарымыз сол екен. Атты да, баласын да онашада баптап, топқа салған кезі екен біздің көргеніміз. Кейіннен талай көкпарда салым салып жүрді ол. Жүмекең айналасына өзіне тәбін шабандоз жігіттерді топтастырып, қалың тобырдан бөлек тұратын-ды. Сәті келген кезде ғана баласын көкпарға қосып, аламанды қыздыратын еді. Несін айтасын, Күлекең өңірдің айтулы шабандозы болды ғой. Байшұбар ат мінген қыпшақ қызы! Мына Нұрманның да доп қуып селтендеп жүргені сол қанда бар өнердің жұғыны ғой, – деп Сәден көкеміз әңгімесін аяқтағандай болды. «Балалар, енді орнымыздан тұрлық, деректеріміз Әбсеметов келіп қалып, көкемізді таныттар», – деген комедант жиде сапты кетпенін қолына алды...

Жаңақорған ауданы,
Қандоз ауылы.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.

Шіелі кенті.

АУРУ БУЫНДАРДЫ ҚҰТҚАРУ

Мен қырық жеті жастамын және он бес жылдан бері тізімі жарақаттан алғанымның салдарынан туындаған гонартрозбен қиналып жүрөім. 2 рет ота жасаттым, алайда отадан кейін де тіземде ауру мен сығыр қалды.

